«М.ӨТЕМІСОВ атындағы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Бекітемін
М. Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университеті
Басқарма төрағасы-ректордың м.а.
_____ Г.С. Кайсагалиева
«30» 04 2026 ж.

«М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

Орал, 2026

«М.ӨТЕМІСОВ атындағы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

«Бекітілді»
М. Өтемісов атындағы БҚУ
ғылыми кеңесінің
2026 жылдың 29 қыркүйегіндегі
№ 1 хаттамасы.

«М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

Орал, 2026

Мазмұны:

1. Қолданылу саласы
2. Жалпы терминдер мен анықтамалар
3. Қысқартулар мен белгілер
4. Жалпы ережелер
5. Магистратураға оқуға қабылдау тәртібі
6. Магистранттың пререквизитты меңгеруді ұйымдастыру тәртібі
7. Магистранттың оқу-жұмыс жоспарының мазмұны
8. Магистранттың ғылыми жетекшілеріне қойылатын талаптар
9. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы/ эксперименттік-зерттеу жұмысы
10. Магистранттың ғылыми тағылымдамасын ұйымдастыру
11. Магистранттың педагогикалық практикасын ұйымдастыру
12. Магистранттардың диссертацияның негізгі нәтижелерін жариялау
13. Магистранттың аралық және қорытынды аттестаттау тәртібі
14. Магистранттың құқықтары мен міндеттері
15. Сілтемелер
16. Қосымшалар

1. Қолданылу саласы

Осы Ереже «Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КЕАҚ (бұдан әрі - БҚУ) магистратура білім беру бағдарламасын жүзеге асыруды және білім алушылардың оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалуы мен талаптарын белгілейді.

Бұл ереже әзірлеушілер, ББББ жетекшілері және БҚУ факультет деканды, жоо-дан кейінгі дайындық бөлімінің қызмет барысында қолданылады және міндетті болып есептеледі.

2. Жалпы терминдер мен анықтамалар

Магистр – магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже;

Магистрант – магистратурада білім алушы тұлға;

Магистратура – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

Магистрлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы;

Магистрлік жоба – бейінді магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы;

Оқу жұмыс жоспары – университет білім беру бағдарламасы мен білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін оқу құжаты;

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура – ЖОО мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

Бейінді бағыт бойынша магистратура – экономика, медицина, құқық, білім, өнер, қызмет көрсету және бизнес, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік салалары, құқық қорғау қызметі үшін тереңдетілген кәсіптік даярлығы бар басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

Пререквизит – магистратураға оқуға түсушінің бакалавр бейіні сәйкес келмейтін тұлғаларға танылатын пәндер тізімі.

3. Қысқартулар мен белгілер

ҚР - Қазақстан Республикасы
ЖЖОКБҰ - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
ЖОО - Жоғары оқу орны
ҰТО - Ұлттық тестілеу орталығы
КТ - Кешенді тестілеу
ББББТ - Білім беру бағдарламасы тобы
БББ - Білім беру бағдарламасы
МҒЗЖ (МЭЗЖ) - Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы
ҒЗЖ (ЭЗЖ) - Ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы

4. Жалпы ережелер

Осы ереженің мақсаты университеттің магистратурада білім алушыларына, ББББ жетекшілері/ кафедра меңгерушілеріне, факультет декандары мен тиісті құрылымдық бөлімшелерге оқуға қабылданғаннан және оқуды аяқтағанға дейінгі оқу үдерісі мен ғылыми-зерттеу жұмысының орындалуы туралы атқарылу керек қызметтердің жинақталған құжаты ретінде ұсынылады. Бұл ережеде магистранттың оқу үдерісі кезіндегі құқықтары мен міндеттері де көрсетілген.

Осы ереже нормативтік-құқықтық актілерде немесе т.б. маңызы бар құжаттарға өзгеріс енгізілгенде қажет болған жағдайда өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Бұл ереженің негізгі қағидаларының орындалуына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімі, факультет, ББББ/ кафедра және тиісті құрылымдық бөлімшелер жауапты болып табылады.

5. Магистратураға оқуға қабылдау тәртібі

5.1. Магистратурада кадрлар даярлау білім беру бағдарламалары негізінде екі бағыт бойынша жүзеге асырылады: ғылыми-педагогикалық – оқу мерзімі 2 жыл, бейінді – оқу мерзімі 1 немесе 1,5 жыл.

5.2. Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 8 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 28 қазаннан 10 қарашаға дейін.

Магистратураға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар университетте келесі мерзімдерде:

1) күнтізбелік жылғы 16 шілдеден 25 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 21 қарашадан 28 қарашаға дейін өткізіледі

Магистратураға түсушілер үшін компьютерлік тестілеу ҰТО филиал-дарында келесі мерзімдерде:

1) күнтізбелік жылғы 20 шілдеден 10 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейін өткізіледі.

Магистратураға түсушілер үшін білім беру грант конкурсына қатысу университет базасында келесі мерзімдерде:

1) күнтізбелік жылғы 12 тамыздан 18 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 12 желтоқсаннан 18 желтоқсанға дейін өткізіледі

Магистратураға қабылдау университеттің қабылдау комиссиясында келесі мерзімдерде:

1) күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін жүзеге асырылады.

5.3. Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестілеуден (шекті -25 балл), білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден (7 балдан кем емес), оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден (7 балдан кем емес) тұратын КТ тапсырады. КТ қорытындысы 75 балдан кем болмауы тиіс. (1-қосымша)

5.4. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден (7 балдан кем емес) тұратын КТ тапсырады. КТ қорытындысы 30 балдан кем болмауы тиіс. (қосымша 1)

5.5. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

5.6. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар:

1) шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан тапсырады. Әр шығармашылық емтихандардың ең жоғарғысы 35 балды құрайды.

5.7. Шығармашылық емтихан өткізу үшін ББББТ/кафедра/ факультет отырысында қаралып, университет басқарма төрағасы-ректорымен бекітілген бағдарлама құрастырылады.

5.8. Шығармашылық емтиханның кестесі, комиссия құрамы бекітіледі.

5.9. Шығармашылық емтихан кезінде хаттама және емтихан ведомостпен рәсімделеді.

5.10. КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында расталады.

5.11. Магистратураға түсетін тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, қабылдаудың үлгілік

қағидаларында көрсетілген қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес тілдер бойынша аударыла отырып, шет тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады (2-қосымша).

5.12. Магистратураға шетелдік азаматтарды қабылдау үшін түсушінің құжаттары алдын ала тексеріледі. Шетелдік азаматты қабылдау үшін ББББТ/ кафедра/ факультет отырысында арнайы әңгімелесу бағдарламасы басқарма төрағасы-ректорымен бекітілген бағдарлама құрастырылады.

5.13. Әңгімелесу емтиханын қабылдау үшін арнайы профессор-оқытушылар құрамынан комиссия құрамы бекітіледі.

5.14. Әңгімелесу емтиханы хаттамамен және ведомостпен рәсімделеді.

5.15. Магистратураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады.

5.16. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

5.17. Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

5.18. Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) ЖЖОКБҰ-ға дейін көрсетеді.

5.19. КТ, түсу (шығармашылық) емтихандарының нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

5.20. Магистратураға қабылдау бойынша барлық құжаттар рәсімделген соң ағымдағы жылдың 28-тамызында қабылдау туралы бұйрық шығарылады және ақпараттық «Платонус» жүйесіне тіркеледі.

6. Магистранттың пререквизитты меңгеруді ұйымдастыру тәртібі

6.1. Магистратурада кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Оқуға түсу кезінде магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда магистрантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді.

6.2. Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

6.3. Университетте пререквизиттер тізбесі БББ/кафедра тарапынан ұсынылған тізімдері ғылыми кеңесте әр оқу жылының соңында жаңа оқу жылына алдын ала бекітіледі.

6.4. Оқуға қабылданған бакалавр бейіні сәйкес келмейтін магистрант-тардың бакалавр құжаты (дипломы) мен пререквизит тізбесіндегі пәндер сәйкестендіріліп, ББББТ/ кафедра жетекшілерімен тексеріліп, пререквизит айқындалады.

6.5. Пререквизитті анықтау кезінде пән атауы сәйкес келмеген, бірақ, магистранттың оқылған теориясы сәйкес келетін пәндерін ББББ/кафедра отырысында талқылап, қарастырыады.

6.6. Білім беру бағдарламасының дайындық бағыты, тобы және атауы сәйкес келгенде және қоспәнді білім беру бағдарламасының бірінші ббб-на басымдық беріле отырып, пререквизит танылмайды.

6.7. Магистрант пререквизитпен танысып, пәндерді тапсыруды аралық аттестаттауға дейін бекітілген кестеге сәйкес тапсыруды жүзеге асырады.

6.8. Пәндерді магистратура білім беру бағдарламалары бойынша пәнді оқитын шығарушы кафедраның оқытушылары жүргізеді.

6.9. Пәндерді меңгеру аяқталғаннан кейін пререквизиттерді меңгеру нәтижелері тіркеу офисінен берілген ведомость негізінде рәсімделеді.

7. Магистранттың оқу-жұмыс жоспарының мазмұны

7.1.Магистратураның білім беру бағдарламалары жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес даярлаудың нақты бағыттары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленеді және оны Басқарма Төрағасы - университет ректоры бекітеді.

7.2.Магистратураның білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және іске асыруды білім беру процесінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және білім беру қызметін ұйымдастыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігіне жауапты бітіруші кафедра жүзеге асырады.

7.3.Магистратураның білім беру бағдарламасында оқу және ғылыми/ зерттеу компоненттері бар.

7.4.Білім алушылардың оқу және ғылыми жұмыстарының еңбек сыйымдылығы игерілген материал санымен анықталады және кредиттермен өлшенеді.

7.5.Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны келесілерден тұрады:

7.5.1. базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін зерделеуді қамтитын теориялық оқу;

7.5.2. магистранттарды практикалық даярлау: практика, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалардың әртүрлі түрлері;

7.5.3. ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейіндік магистратура үшін - магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік — зерттеу жұмысы;

7.5.4. қорытынды аттестаттау.

7.6. Магистратура бағдарламаларының білім алушылары үшін практика ғылыми-зерттеу, педагогикалық және кәсіби қызметтің тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

7.7. Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы практиканың екі түрін қамтиды: педагогикалық және зерттеу.

7.8. Бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасы өндірістік тәжірибені қамтиды.

7.9. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті ғылыми-зерттеу жұмысынан (ғылыми-педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары үшін) немесе эксперименттік-зерттеу жұмысынан (бейіндік білім беру бағдарламалары үшін), ғылыми жарияланымдар дайындаудан, ғылыми тағылымдамадан және магистр дәрежесін алу үшін диссертация орындаудан қалыптастырылады.

7.10. Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының қорытындысы магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

7.11. Магистрлік диссертация тақырыбы мен ғылыми жетекшілері магистрант оқуға қабылданғаннан екі ай ішінде ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

7.12. Магистрант диссертация тақырыбы негізінде оқу үрдісі кезінде ғылыми-зерттеу жүргізіп, кемінде бір мақала жариялауы тиіс.

7.13. Магистранттың аталған оқу-жұмыс жоспары университетте электронды жеке жұмыс жоспарында тіркеліп, жеке рәсімделеді. Магистрантқа электронды жеке жұмыс жоспарын толтыру туралы ақпарат жұмысы арнайы сілтеме арқылы түсіндіріледі.

7.14. Магистранттың электронды жеке жұмыс жоспарын көру ғылыми жетекшісі, ББББ жетекшісі/кафедра меңгерушісі және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөліміне мүмкін болады. Магистрант электронды жеке жұмыс жоспарына әр кезең бойынша есептерін жүктеп, толықтырып отырады.

7.15. Ғылыми-педагогикалық магистратураны меңгеру кемінде 120 кредитты құрайды.

7.16. Бейіндік магистратураны меңгеру кемінде 60 (оқу мерзімі 1 жыл) және кемінде 90 (оқу мерзімі 1,5 жыл) кредитты құрайды.

7.17. Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен тұлғаларға «магистр» дәрежесі беріледі және қосымшасымен бірге жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом беріледі.

8. Магистранттың ғылыми жетекшілеріне қойылатын талаптар

8.1. Магистранттың ғылыми жетекшілеріне сұратылған бағыттың бейініне сәйкес келетін «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылған ғылыми басылымдардың тізбесінде енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаланың 10-қосымшада көрсетілген деректер базасында процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми

журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушы ғылыми жетекшілікке ұсынылады (3-қосымша).

9. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы/ эксперименттік-зерттеу жұмысы

9.1. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы/ эксперименттік-зерттеу жұмысы оқу жұмыс жоспарының маңызды бөлігі.

9.2. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын ББББТ/шығарушы кафедрада магистрант ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, әр семестрде есеп түрінде ұсынады. ББББТ/кафедра отырысында қарастырылып, нәтижесі айқындалады. (4-қосымша)

9.3. Магистранттың зерттеу (өндірістік) практикасының мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен айқындалады.

9.4. Магистранттың зерттеу практикасы (өндірістік) соңғы курста (3 немесе 4 семестр) диссертация тақырыбына сәйкес өткізілу орны ББББТ/ кафедармен анықталады.

9.5. Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы қамтитын зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, эксперименттің деректерді өңдеудің және түсінік берудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу мақсатында өтеді.

9.6. Бейінді магистратураның білім беру бағдарламасы қамтитын өндірістік практикасы оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту, магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттер мен кәсіби қызмет тәжірибесін игеру, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүргізіледі.

9.7. Зерттеу (өндірістік) практикасының өту мерзімі алдын ала бекітілген оқу үрдісі кестесіне сәйкес рәсімделеді.

9.8. Зерттеу (өндірістік) практикасы келісімшартпен рәсімделген білім беру ұйымдарында (балабақша, мектеп, колледж, ЖОО және т.б.) және (немесе) ғылыми ұйымдарда, өндірістік және т.б. орындарда жүргізіледі.

9.9. Магистранттың зерттеу (өндірістік) практикасының өту мерзімі, өту орны және жетекшілері көрсетілген университет бұйрығы шығарылады.

9.10. Ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін оларды жүргізген әрбір кезеңнің соңында магистрант есеп түрінде ресімдейді (5-қосымша).

10. Магистранттың ғылыми тағылымдамасын ұйымдастыру

10.1. Магистранттың МҒЗЖ (МЭЗЖ) шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті саладағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті өту қарастырылады.

10.2. Ғылыми тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына және зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.

10.3. Тағылымдаманың ұзақтығы кемінде күнтізбелік 14 күнді құрайды.

10.4. Тағылымдама бағдарламасы мен жоспарын университет ынтымақтастық меморандумы және (немесе) екіжақты және (немесе) үшжақты келісімшарт негізінде жасалған тағылымдама өтетін ұйыммен (ҚР бойынша ЖОО, қосдипломды бағдарлама аясында келісілген ЖОО) бірлесіп бекітеді.

10.5. Халықаралық байланыстар және көптілділік бөлімінің мамандары магистранттарға шетелдік жоо-ларға тағылымдаманы ұйымдастыру бойынша кеңес береді, сондай-ақ қабылдаушы тараппен байланыс жасайды (қабылдаушы жоо/ұйымдармен шарт жасалады).

10.6. Университеттің есеп бөлімі жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімімен бірлесіп, әрбір білім алушыға есептегенде ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыруға және өткізуге смета жасайды. Шығындар сметасында көрсетілмеген басқа баптар бойынша білім алушылардың жеке қаражаты есебінен жабылады.

10.7. Бітіруші ББББ/кафедралардың қызметтік жазбасы негізінде жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімі ғылыми тағылымамаға жіберу үшін бұйрыққа ұсынады.

10.8. Ғылыми тағылымдаға жіберілетін білім алушылар міндетті:

- Ғылыми тағылымдама аяқталған соң есеп бөліміне есеп беру құжаттарын уақытылы ұсыну;
- Ғылыми тағылымдама өтуге жіберу туралы бұйрықта көрсетілген тағылымдама мерзімдерін сақтау;
- Дәлелді себепсіз және құжаттарды тиісінше рәсімдеусіз ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған бұйрықта көзделген университетке кету және келу мерзімдерін сақтамау оқу тәртібін бұзу болып табылады және қорытынды аттестаттауға жіберуге жол бермеуге негіз болып табылады.
- Магистрант ғылыми тағылымдаманы өткен соң сертификатты, күнделік-бағдарламасын, есепті рәсімдеп, электронды жеке жұмыс жоспарына жүктейді (6-қосымша).

10.9. МҒЗЖ (МЭЗЖ) оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жекелеген кезеңде жоспарланады. Магистрант ғылыми тағылымдаманы аяқтаған соң шығарушы ББББ/кафедрасында есеп түрінде қорғап тапсырады.

11. Магистранттың педагогикалық практикасын ұйымдастыру

11.1. Педагогикалық практика оқыту мен оқу әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Бұл ретте магистранттар бакалавриатта сабақ өткізуге тартылады.

11.2. Педагогикалық практика университеттің оқу үрдісі кестесіне сәйкес екінші курстың бірінші семестрінде оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар кезеңде жоспарланады. Пркатиканы өту ұзақтығы оқу үрдісі кестесіне сәйкес айқындалады.

11.3. Педагогикалық практиканың әр ББ/кафедра бойынша білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты арнайы жасақталған бағдарламасы бекітіледі.

11.4. Бекітілген бағдарламаларда практика барысындағы іс-әрекет мазмұны (дәріс, семинар, СӨЖ, СОӨЖ т.б. көлемі), магистрант пен практика жетекшісінің құқықтары мен міндеттері, қосымша тапсыратын құжаттар тізімі және т.б. көрсетіледі. Бағдарлама қажет болған жағдайда кемінде үш жылда өзгерістер енгізіліп отырады.

11.5. Педагогикалық практиканың жетекшісі ББ / кафедрамен нақтыланып, университет бұйрығы шығаруға ұсынылады.

11.6. Магистранттарға педагогикалық практиканың алдын ала жоспарлы кестесі құрылып, факультет деканымен бекітіледі.

11.7. Педагогикалық практика аяқталғаннан кейін күнделігі және есеп түрінде нәтижесі ұсынылады (7-қосымша).

12. Магистранттың диссертациясының негізгі нәтижелерін жариялау

12.1. Магистрлік диссертация (жоба) авторы алған негізгі ғылыми нәтижелер ғылыми баспа басылымдарында жариялау арқылы міндетті түрде сынақтан өтуге жатады. Жарияланған жұмыстардың ең аз саны – 1 ғылыми мақала. Жарияланымдарға өңірлік, республикалық - халықаралық конференциялардың, симпозиумдардың, кеңестердің мақалалары (тезистер емес), шолу ақпараттары, талдамалық шолулар, көлемі кемінде 0,3 баспа беті және алдын ала патент (патенттер), авторлық құқық туралы куәлік (бар болса) теңестіріледі.

12.2. Жарияланған мақалалар тізімі университеттің ғылыми хатшысынан тексерістен өтіп бекітіледі. Мақала тізімінің бір данасы жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөліміне тапсырылады (8-қосымша).

12.3. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы барлық білім беру бағдарламалары бойынша магистрлік диссертация көлемі кемінде 70 бет. Бейіндік бағыттағы барлық білім беру бағдарламалары бойынша магистрлік жобаның көлемі кемінде 60 бет.

13. Магистранттың аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру тәртібі

13.1. Магистранттарға аралық аттестаттауды (жазғы және қысқы сессия) ұйымдастыру тәртібін жүзеге асыру үшін әр семестрде оқу-жұмыс жоспарын, теориялық оқуды уақытылы орындаған, сондай-ақ ақылы бөлімде оқитын магистранттар келісімшартқа сәйкес оқу ақысын төлегеннен кейін жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімі аралық аттестаттауға жіберу туралы өкім дайындайды. Өкім университеттің есеп бөлімімен тексеріліп, қол қойылады.

13.2. Академиялық үлгерімі төмен және (немесе) келісімшартты толық орындамаса аралық аттестаттауға жіберілмейді;

13.3. Академиялық қарызы жоқ магистранттар бірінші оқу жылын аяқтағаннан кейін екінші курсқа көшіру туралы бұйрыққа енгізіледі.

13.4. Академиялық қарызы бар магистранттар келесі курсқа көшірілмей, жазғы триместрге қалдырылады.

13.5. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді.

13.6. Магистрантты академиялық аттестаттаудан өткізу рәсімін университеттің ББББ/кафедрасы дербес айқындайды.

13.7. Қорытынды аттестаттауға оқу жоспарын толық орындап (ақылы бөлім үшін келісімшартты толық орындаған), магистрлік диссертация тақырыбына сәйкес кемінде бір мақаласы жарық көрген, ББББ/ кафедра отырысының алдын ала қорғауы хаттамасының негізінде антиплагиат жүйесі мен сараптамадан тексеруден өткен, ғылыми жетекші және ресми рецензент пікірінен сәтті өткен магистранттар жіберіледі (9-қосымша).

13.8. Магистранттың диссертация жұмысы ББББ/кафедра отырысының шешімінен кейін университтің антиплагиат жүйесіне жіберіліп, қорғаудан кемінде үш күн бұрын антиплагиаттан өткені туралы анықтамасы дайын болуы керек.

13.9. Магистранттың диссертация жұмысы толық дайын, бірақ, антиплагиат жүйесінен ЖИ көрсеткішіне байланысты қажетті деңгейін жинамаған тұлғаларды ББББ/кафедра отырысының арнайы комиссия құрамы құрылып, қайта қарастырып, «қорғауға жіберілді» немесе «қорғауға жіберілмейді» туралы соңғы шешімді хаттама негізінде шығарады.

13.10.Қорытынды аттестаттауға ұсынылатын сараптамалық комиссия төрағасы мен құрамы ББББ/кафедра және факультет тарапынан анықталады.

13.11. Қорытынды аттестаттаудың жауапты комиссия төрағасы мен құрамы, ресми рецензенттер университеттің ғылыми кеңесінде алдын ала қаралып, бекітіледі.

13.12. Қорытынды аттестаттау кестесі ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімі және факультет, ББББ/кафедарлармен бірлесе отырып бекітіледі.

13.13. Қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрық университеттің басқарма төрағасы-ректорымен рәсімделеді.

13.14. Диссертацияны қорғауды сәтті өткеннен кейін «магистр» академиялық дәрежесі тағайындалады (10-қосымша).

14. Магистранттың құқықтары мен міндеттері

14.1. Магистранттар жеке жұмыс жоспарында көзделген жұмыстардың барлық түрлерін уақытылы және сапалы орындауға міндетті.

14.2. Магистранттар міндетті:

- Университеттің академиялық адалдық саясаты мен ар-намыс кодексін, заң және тәртіп нормаларын сақтау;
- Жеке жұмыс жоспарларында көзделген жұмыстың әрбір кезеңінің соңында барлық қажетті жазбаша құжаттарды уақытылы ұсыну;
- Магистранттың (өзінің) бекітілген ғылыми жетекшілерінен алынған ескертулер мен кері байланыс жазбаларын жүргізу;

- Есептерді тапсырудың белгіленген мерзімдерін сақтау (оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу /эксперименттік-зерттеу жұмысы, ғылыми тағылымдама, практикалар туралы және т.б.);
- Университеттің тиісті әкімшілік бөлімшелеріне тегі, тұрғылықты мекенжайы және байланыс деректерінің өзгеруі туралы уақытылы хабарлау;
- Белгіленген мерзімде магистрлік диссертация жазуды аяқтау;
- Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданған магистранттар мансап орталығы және ББББ/кафедрамен байланыса отырып тиісті міндеттемелерді толтыру және жұмысқа орналасқаны жөнінде анықтаманы уақытылы тапсыру;
- Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуды аяқтаған магистранттардың тұрақты жұмысы болмаған жағдайда мансап орталығы арқылы халықты жұмыспен қамту орталығына тіркелу үшін жолдама алуға міндетті.
- Магистранттар ғылыми жетекшілерді іздестіруге және басқа да ұйымдастырушылық мәселелерді шешуге көмек алу үшін шығарушы ББББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері және эдвайзерлерге жүгінуге құқылы.
- Магистранттар университеттің ББББ/ кафедрасында өтетін конференцияларға және т.б. шараларға қатысуы;
- Магистранттар заңға сәйкес жұмысы оқуға кедергі болмай, оқудан бос уақытта жұмыс істеуге құқылы,
- Магистранттар жеке жұмыс жоспарын және кету қағазын уақытылы тапсырып, «магистр» дипломын уақытылы алу.

15. Сілтемелер

Осы ереже келесідей нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

15.1.Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы.

15.2.Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

15.3.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

15.4.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары».

15.5.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы».

15.6.Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы өзгеріс енгізу туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 18 бұйрығы. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы».

15.7.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығы. «Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы».

15.8.«М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ Академиялық саясаты.

15.9. «М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау ережелері;

15.10. «М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ магистрлік диссертация / магистрлік жоба туралы ережесі;

15.11. «М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ плагиат жүйесінде тексеру рәсімі туралы ережесі.

Құрастырған:
Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі
дайындық бөлімінің сектор меңгерушісі А.М. Хамидуллина

Келісілген:
Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі
дайындық бөлімінің жетекшісі М.Г. Какишев

Академиялық қызмет
департаментінің директоры Д.Т. Утеулиева

Академиялық мәселелер
бойынша проректор Г.С. Кайсагалиева

Заңгер А.С. Мухсинов

«МАХАМБЕТ ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
А.М Хамидуллинаға, М.Г Какишевтің
Д.Т Утеулиевага, Г.С Кайсагалиевага
А.С Мухсиновтің
ҚОЛЫ ҚОЙЫЛҒАНДЫҒЫН СЕНДІРЕМІН
«30» 09 2026 ж.
ӘКІМШІЛІК БӨЛІМІНІҢ ИНСПЕКТОРЫ

16. Қосымшалар.

1-қосымша

Магистратураға оқуға түсушілердің балл шкаласы

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Шет тілі бойынша тест*	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Ағылшын/ Неміс/ Француз	50	50	25
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30	7
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест **	**Бірінші бейінді пән бойынша**	Қазақ/ Орыс	30	30	7
	Екінші бейінді пән бойынша	Қазақ/ Орыс	20	40	7
Барлығы			**130**	**150**	**75**

***Ескерту: шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсу үшін шығармашылық емтихандар тапсырылады.**

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест**	Бірінші бейінді пән бойынша	Қазақ/Орыс	30	30	7
	Екінші бейінді пән бойынша	Қазақ/Орыс	20	40	7
Барлығы			50	70	30

2-қосымша

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың балдарын қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын магистратураға КТ бойынша шет тілінен тест балдарына ауыстыру шкаласы

Тест түрі	Балл	Шет тілі бойынша балл
IELTS	6 кем емес	25
	6,5 кем емес	30
	7 кем емес	40
	7,5 кем емес	45
	8 кем емес	50
TOEFL IBT	60 кем емес	25
	79 кем емес	30
	94 кем емес	40
	102 кем емес	45
	110 кем емес	50
DSH, TestDaF-Prufung	B2 деңгейінен кем емес	25
	Niveau C1/деңгей C1	35
	Niveau C2/ деңгей C2	50
TFI, DELF, DALF, TCF	B2 деңгейінен кем емес	25
	C1 деңгейінен кем емес	35
	C2 деңгейінен кем емес	50

3-қосымша

Магистратураның ғылыми жетекшісіне қойылатын талаптар

23	23.1. Кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес ғылыми дәрежесі және (немесе) PhD философия докторы/бейіні бойынша докторы (академиялық) дәрежесі бар, кемінде 3 (үш) жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, Басылымдар тізбесіне сәйкес бірінші және (немесе) екінші және (немесе) үшінші деңгейдегі ғылыми басылымда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың және JCR (ZhSR) бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded дерекқорларының (Science Citation Index Expanded), Social Science Citation Index (Social) бірінде индекстелген Web of Science Core Collection (Web of Science Core Collection) ішіндегі Science Citation Index) немесе Arts and Humanities Citation Index (Arts End Humanities Citation Index) немесе Scopus дерекқорындағы CiteScore пайыздық ұпайы кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланған ғылыми журналда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушының ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламалары үшін-кемінде 10 (он) жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар даярлық бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын тиісті бейіндегі оқытушылардың және (немесе) мамандардың магистрлік жобаларына басшылық жасау. 23.3. "Қызмет көрсету саласы", "Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар", "Өнер", "Журналистика және ақпарат" кадрларды даярлау бағыттары үшін - білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына (жобаларына) басшылықты Басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы 5 (бес) жылда жарияланған кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылардың және (немесе) соңғы 10 (он) жылдың ішінде кемінде 5 (бес) жыл практикалық жұмыс өтілі бар тиісті бейіндегі мамандардың жүзеге асыруы.

10-қосымша
нысан

Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Білімі туралы мәліметтер (диплом бойынша біліктілік, оқу орнын бітірген жылы)	Жұмыс өтілі (ғылыми-педагогикалық, клиникалық), сондай-ақ кадрларды даярлау бағыты бейіні бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі, жұмыс өтілі	"ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми/ академиялық дәрежесінің/ дәрежесінің болуы, резидентураны бітіргені туралы мәліметтер	Ғылыми жарияланымдар туралы мәліметтер			Оқулықтың не оқу құралының атауы *
					ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган ұсынатын ғылыми жарияланымдар тізімінде	халықаралық рецензиялы анатын ғылыми журналдарда **	кадрлар даярлау бағытының бейіні бойынша халықаралық конференциялар материалдарында *	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Білім беру ұйымының басшысы _____
(Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)
Ескертпе: Жоғары білім деңгейі (бакалавриат) үшін 6, 7, 8, 9-бағандардағы мәліметтерді толтыру талап етілмейді.

4-қосымша

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

2023-2024 оқу жылы 1,2,3,4 семестрі бойынша магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының орындалуы туралы ЕСЕБІ

Магистранттың тегі, аты-жөні:
Білім беру бағдарламасы:
Курсы:
Дайындық бағыты: ғылыми-педагогикалық
Магистратурада оқу мерзімі: жж.
Ғылыми жетекші:
Магистрлік диссертация тақырыбы:

Орал, 2026

1 семестр ҒЗЖ үлгісі

Есептің мазмұны:

1. Тақырып бойынша мәліметтер жинау, әдебиеттерге шолу;
2. Ғылыми-практикалық конференцияларға, ғылыми жобаларға, конкурстарға, семинар – тренингтерге, дөңгелек үстелдерге, факультеттің ғылыми-әдістемелік семинарына, кездесулерге және т.б. қатысуы.
3. Жарияланымдар (мақала) мен баяндамалар (бар болған жағдайда).

Магистрант _____ (аты-жөні)
Ғылыми жетекші _____ (аты-жөні)

2 семестр ҒЗЖ үлгісі

Есептің мазмұны:

1. Тақырып бойынша мәліметтер жинау, әдебиеттерге шолу, зерттеу әдістемесін меңгеру;
2. Ғылыми зерттеулер, эксперименттер жүргізу (бастапқы кезең);
3. Ғылыми-практикалық конференцияларға, ғылыми жобаларға, конкурстарға, семинар – тренингтерге, дөңгелек үстелдерге, факультеттің ғылыми-әдістемелік семинарына, кездесулерге және т.б. қатысуы.
4. Жарияланымдар (мақала) мен баяндамалар (жинақтарда, түрлі конференцияларда, ғылыми журналдарда) басып шығарылуы.

Магистрант _____ (аты-жөні)
Ғылыми жетекші _____ (аты-жөні)

3 семестр ҒЗЖ үлгісі

Есептің мазмұны:

1. Ғылыми зерттеулер, эксперименттер жүргізу және деректерді өңдеу, талдау;
2. Ғылыми-практикалық конференцияларға, ғылыми жобаларға, конкурстарға, семинар – тренингтерге, дөңгелек үстелдерге, факультеттің ғылыми-әдістемелік семинарына, кездесулерге және т.б. қатысуы.
3. Жарияланымдар (мақала) мен баяндамалар (жинақтарда, түрлі конференцияларда, ғылыми журналдарда) басылып шығарылуы.

Магистрант _____ (аты-жөні)
Ғылыми жетекші _____ (аты-жөні)

4 семестр ҒЗЖ үлгісі

Есептің мазмұны:

1. Ғылыми зерттеулер, эксперименттер жүргізу және деректерді өңдеу, талдау;
2. Магистрлік диссертацияны рәсімдеу.

Магистрант _____ (аты-жөні) (қолы)
Ғылыми жетекші _____ (аты-жөні)
(қолы)

5-қосымша

Зерттеу (өндірістік) практика есебінің үлгісі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

20__ - 20__ оқу жылының магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының орындалуы туралы қорытынды ЕСЕБІ

Магистранттың тегі, аты-жөні:
Білім беру бағдарламасы:
Курсы:
Дайындық бағыты: ғылыми -педагогикалық
Магистратурада оқу мерзімі: 20__ - 20__ жж.
Ғылыми жетекші:
Магистрлік диссертация тақырыбы:

Орал, 20___

Есептің мазмұны:

- Ғылыми-зерттеу жұмысының (эксперимент өткізген) базасы;
- Жалпы оқу барысында (екі жыл бойы) ғылыми-практикалық конференцияларға, ғылыми жобаларға, конкурстарға, семинар – тренингтерге, дөңгелек үстелдерге, факультеттің ғылыми-әдістемелік семинарына, кездесулерге және т.б. қатысуы;
- Ғылыми зерттеулер, эксперименттер жүргізу және деректерді өңдеу, талдау;
- Оқу процесінде жинаған теориялық білімдерін бекітуі, дағдыларды, құзыреттер мен оқыған білім беру бағдарламасы бойынша практикалық кәсіби қызмет тәжірибесін алуы, сондай-ақ озық тәжірибені меңгеруі.

Магистрант _____ (аты-жөні)
(қолы)

Ғылыми жетекші _____ (аты-жөні)
(қолы)

6-қосымша

Ғылыми тағылымдама үлгісі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

БЕКІТЕМІН
М.Өтемісов атындағы БҚУ
Ғылым және жоғары оқу
орнынан кейінгі дайындық
бөлімінің жетекшісі
_____
___. _____ 20 __ ж.

тағылымдамадан өту
КҮНДЕЛІГІ
(апталық жоспар)

_____
(тағылымдамадан өтушінің тегі, аты-жөні)

Бағдарламаның атауы: «_____»
Тағылымдаманың мақсаты: _____
Тағылымдаманың жетекшілері:_____

КҮНДЕЛІК

Күні	Орындалатын жұмыс	Тағылымдаманың жетекшілері мен кеңесшілеріне арналған сұрақтар
....		

1. Тағылымдама жөнінде қысқаша есеп

_____
_____

Тағылымдама жетекшісінің қорытындысы
Тағылымдаманың жетекшісі _____ _____
(тағылымдама өткен жерден) (қолы)
(қолтаңбаның толық жазылуы)
Тағылымдама жетекшісінің қорытындысымен таныстым _____
(магистрант) (тағылымдамадан өтушінің қолы)
Есеп _____(ТАЖ) тағылымдама қорытындысы М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың ББББ/ кафедра (құрылымдық бөлімше) отырысында

_____
(атауы)
«_____» _____ 20__ж., №_____ хаттамасы негізінде бекітілді және тыңдалды
М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың
ББББ жетекшісі/ кафедра меңгерушісі _____ _____
(қолы) (аты-жөні, тегі)

7-қосымша

Педагогикалық практика үлгісі

КҮНДЕЛІК

1. Магистранттың аты-жөні _____
2. ББББ/Кафедра атауы, білім беру бағдарламасының коды және атауы, курс_____
_____
3. Педагогикалық сараман өту орны М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, білім беру бағдарламасының атауы
4. Практика өтетін орны: __ж. - __ж. (уақыты жыл сайын өзгеріп отырады)

Уақыты, күні	Жұмыстың мазмұны	Ескертпе
.....		

Магистрант _____ (аты-жөні, тегі) (қолы)
Практика жетекшісі _____ (аты-жөні, тегі) (қолы)
ББББ жетекшісі/Кафедра меңгерушісі _____ (аты-жөні, тегі) (қолы)

Жоғары оқу орнынан өткен магистранттың
педагогикалық практика есебі

1. Магистранттың толық аты-жөні _____
2. Кафедра, білім беру бағдарламасы, курс
_____
3. Практика өткен орны (жоо атауы)
_____
4. Практиика өткен мерзімі_____
1.
_____

Басқа магистранттардың сабағына қатысуы туралы ақпарат

Уақыты	Тобы	Пән атауы	Аудитория	Магистранттың аты-жөні

2. Педагогикалық практика бойынша магистранттың қорытындылары
_____
3. Магистранттың жұмысы туралы педагогикалық практика жетекшісінің қысқаша бағасы, теориялық білімді практикада қолдана білу.
_____
_____
4. Педагогикалық практиканы өткендегі фотоотчет жүктеу
Толтырған күні _____
Магистрант қолы _____
Практика жетекшісінің қолы _____

«Бекітемін»
Факультет деканы
_____
«____»_____ 20___ж.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университнті
_____ ББББ/ кафедрасы
_____білім беру бағдарламасының
II курс магистранты_____
20___ жылдың ___ қазан– ___ желтоқсан аралығындағы
педагогикалық практика барысында өткізетін сабақ кестесі

№	Уақыты, тобы	Пән атауы	Аудитория	Пән оқытушысы	Қолы
1					
2					
....					

Құрастырған:
Магистрант _____ «____» 20___ж.
Келісілді: _____ «____» 20___ж.
Практика жетекшісі
ББББ жетекшісі/Кафедра меңгерушісі _____ «____» 20___ж.

8-қосымша

М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың 7М01109 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты _____

(аты-жөні, тегі)

жарияланған еңбектерінің

ТІЗІМІ

№ р/с	Жұмыстың атауы, түрі	Баспа не электронды	Баспа, журнал (атауы, №, жылы, беттері), авторлық куәліктің, патенттің №	Баспа табақтар	Қосалқы авторлар-дың аты-жөні
1	2	3	4	5	6
а) ғылыми еңбектер					
1.	Этнопедагогикалық білім беру негізінде оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру мәселелері (мақала)	баспа	"Ғылым мен білім - 2017" студенттер мен жас ғалымдардың XII халықаралық ғылыми конференциясы». Астана, 14 сәуір 2017. - 4526-4529 бб.	0,37/0,18	Жаркема-лиева А.Е.
2.	Креативный стиль мышления будущих педагогов: основа формирования социально активного подрастающего поколения (статья)	электронды	«Профилактика зависимостей» учебно-методический электронный журнал. №2(10), Москва 2017.С.15-17. www.ma123.ru	3 бет	
3.	To develop the values of students who give ethno-pedagogical education(article)	баспа	Peoples of eurasia: history, culture and interaction problems Materials of the VIII international scientific conference on April 5–6, - Prague, 2018. 17-22.pp.	0,62	
в) оқу-әдістемелік жұмыстар					
4.	Инклюзивті білім берудіңәдістері (оқу-әдістемелік құрал)	баспа	Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2018. - 156 б.	9,75	

Магистрант _____

(аты-жөні, тегі)

Ғылыми хатшы _____

(аты-жөні, тегі)

Мөр орны

9-қосымша

_____білім беру бағдарламасы бойынша _____магистрі академиялық дәрежесін алуға ұсынылған _____ (магистранттың аты-жөні) _____тақырыбындағы магистрлік диссертациясына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

Ескертпе! (Төмендегі пунктілерге сүйене отырып, жалпы мәтін ретінде жазылуы керек. Бөліктерге бөлу қажет емес!)

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы (тәжірибе және ғылым мен техниканың даму сұранысымен).
2. Магистрлік диссертацияларға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нетижелер.
3. Магистрлік диссертацияда берілген әрбір нәтиженің (ғылыми қағиданың), тұжырымдар мен қорытындылардың негізділігі және ақиқаттық деңгейі.
4. Диссертацияда жасалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағида), тұжырымдар мен қорытындылардың жаңашылдық деңгейі.
5. Алынған нәтижелердің ішкі тұтастығының бағалануы.
6. Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері және тұжырымдары бойынша жарияланған мақалалардың жеткіліктігі.
7. Диссертацияны мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.
8. Диссертацияның қойылған талаптарға сәйкестігі.
9. Қорытынды.

Рецензенттің аты-жөні
ғылыми дәрежесі
жұмыс орны Аты-жөні

Мөр орны

_____білім беру бағдарламасы бойынша _____магистрі академиялық дәрежесін алуға ұсынылған _____(магистранттың аты-жөні) _____тақырыбындағы магистрлік диссертациясына сараптама комиссияның

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Сараптама комиссиясының құрамында: комиссия төрағасы_____, комиссия мүшелері _____магистрі академиялық дәрежесін алуға ұсынылған _____ (магистранттың аты-жөні) _____тақырыбындағы магистрлік диссертациясын қарап, төмендегідей қорытынды жасайды:

Жұмыстың аталған мамандық пен ғылым саласына сәйкестігі.

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы (тәжірибе және ғылым мен техниканың сұранысы).
2. Магистрлік диссертацияда берілген әрбір нәтиженің (ғылыми қағиданың), тұжырымдар мен қорытындылардың негізділігі және ақиқаттық деңгейі.
3. Диссертацияда жасалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағида), тұжырымдар мен қорытындылардың жаңашылдық деңгейі.
4. Алынған нәтижелердің тиісті өзекті мәселенің теориялық немесе қолданбалық міндеттерін шешуге бағытталған ішкі тұтастығының бағалануы.
5. Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері және тұжырымдары бойынша жарияланған мақалалардың жеткіліктігі.
6. Жұмыста плагиаттың кездесуі. _____(магистранттың аты-жөні) _____тақырыбындағы диссертациясына салыстырмалы талдау жүргізу нәтижесінде материалды авторға сілтемесіз пайдалану және көшіріп алу жағдайлары кездеспеді.
7. Сараптама комиссиясының шешімі

Сараптама комиссиясының төрағасы:
жұмыс орны, ғылыми дәрежесі Аты-жөні

Сараптама комиссиясының мүшелері:
жұмыс орны, ғылыми дәрежесі Аты-жөні
жұмыс орны, ғылыми дәрежесі Аты-жөні
жұмыс орны, ғылыми дәрежесі Аты-жөні

Мөр орны

10-қосымша

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 4-қосымшасына сәйкес

Білім беру салалары мен деңгейлеріне сәйкес берілетін дәрежелердің атауы

р/н	Білім беру саласының атауы	Магистратура білім беру бағдарламасы бойынша (ғылыми-педагогикалық бағыт/ бейіндік) берілетін дәреже
1.	Педагогикалық ғылымдар	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі/ білім магистрі
2.	Өнер және гуманитарлық ғылымдар	1. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша өнертану ғылымдарының магистрі/ өнер магистрі 2. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі/ гуманитарлық білім магистрі 3. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша филология ғылымдары магистрі/ тіл білімі магистрі
3.	Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі/әлеуметтік білім магистрі
4.	Бизнес, басқару және құқық	1. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдары магистрі/ бизнес және басқару магистрі немесе MBA 2. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі/құқық магистрі
5.	Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрі/жаратылыстану магистрі
6.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистрі/техника және технология магистрі
7.	Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистрі/техника және технология магистрі
8.	Ауыл шауашылығы және биоресурстар	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі/ауыл шаруашылығы магистрі
9.	Ветеринария	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша жоғары ветеринария ғылымдарының магистрі/ветеринария магистрі
10.	Денсаулық сақтау	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша медицина ғылымдарының магистрі/ денсаулық сақтау магистрі
11.	Қызмет көрсету	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ғылым магистрі/ қызмет көрсету саласының магистрі
12.	Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі